

15. Servat S., Mansour F. *Enhancing Critical Thinking in Foreign Language Learners. Procedia — Social and Behavioral Sciences*, 2011, Vol. 29, pp. 111–115. Available at: <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2011.11.214>

16. Golubinskaya A.V., Vyahireva V.V. *Kriticheskoe myshlenie v kontekste voploshchennogo poznaniya: obzor psihologicheskikh issledovaniy i ih pedagogicheskij potencial. Psihologicheskaya nauka i obrazovanie*, 2024, Vol. 29, No. 3, pp. 145–159.

17. Pashchenko T.V. *Formirovanie kriticheskogo myshleniya u vzroslyh s ispol'zovaniem problemno-orientirovannogo obucheniya v onlajn-srede. Voprosy obrazovaniya. Educational Studies Moscow*, 2024, No. 2, pp. 226–250. Available at: <https://clck.ru/3EOdRW>

18. Mihajlova A.M., Pinskaya M.A. *Praktiki, menyayushchie predstavleniya uchitelej: IKT na urokah, formiruyushchih kriticheskoe i kreativnoe myshlenie. Psihologicheskaya nauka i obrazovanie*, 2022, Vol. 27, No. 6, pp. 36–45.

19. Gluhov L.Yu., Varfolomeeva Z.S. *Proektnoe obuchenie kak sredstvo razvitiya kriticheskogo myshleniya bakalavrov v obrazovatel'nom processe vysshej shkoly. Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya*, 2022, No. 4. Available at: <https://clck.ru/3EOdFS>

FTAXP 14.35.09

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.88.4.012>

Д.Б.Калибаева, *¹ Г.К.Карбозова, ² Ж.К.Маханова ¹

¹Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

²М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ: ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА LMS ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАҢУ

Аңдатпа

Заманауи білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың енгізілуі, әсіресе жоғары оқу орындарында ағылшын тілін үйренетін білім алушылар мен бұл пәнді оқытатын оқытушылар үшін, оқыту процесін тиімдірек ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Қазақстанның 100 ден аса жоғары оқу орындарында кредиттік жүйе мен қашықтықтан оқыту технологияларын автоматтандыруға мүмкіндік беретін «Platonus» ақпараттық жүйесі енгізілген. Ол университеттің барлық маңызды оқиғалары мен процестерін көрсететін орталықтандырылған дерекқорға ие. Дегенмен, артықшылықтарына қарамастан, жүйе оқытушылар мен білім алушылардың қажеттіліктеріне қарай жеке бейімдеудің болмауы сияқты бірқатар кедергілері бар.

Бұл зерттеу жұмысы білім беру саласындағы цифрлық трансформацияның ағылшын тілін оқытудағы ықпалына арналады, оның ішінде LMS (Learning Management System) онлайн платформаларын пайдалану мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – LMS онлайн платформаларының ағылшын тілін оқытуда білім алушылар мен оқытушылар үшін тиімділігі, олардың білім беру процесіндегі рөлі, сондай-ақ онлайн оқу құралының интерактивтілігі мен қолжетімділігі талданады. Әдіснамалық тұрғыдан зерттеу салыстырмалы және сандық әдістерді қолдана отырып, ағылшын тілін оқуда Moodle және OTC Programme секілді LMS онлайн платформаларын пайдалану тәжірибелерін талдау арқылы жүзеге асырылды. Мәселені зерделеу үшін сабақ барысында онлайн платформаларды қолданатын және қолданбайтын 185 респонденттен сауалнама алу арқылы жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде LMS онлайн платформаларының ағылшын тілін оқытуда білім алушылардың мотивациясын арттыруға, оқу материалдарын оңай қолжетімді етуге және оқу процесін жеке қажеттіліктерге сәйкес бейімдеуге мүмкіндік беретіндігі дәлелденді. Алынған нәтижелер бойынша, онлайн платформалардың тиімділігіне кедергі келтіретін факторлар да анықталды, олар техникалық қиындықтар мен білім алушылардың цифрлық құзіреттілік деңгейінің жеткіліксіздігі болып табылады.

Түйін сөздер: цифрлық трансформация, LMS онлайн-платформалар, білім берудегі цифрлық технологиялар, онлайн оқыту, аралас оқыту, цифрлық сауаттылық.

Калибаева Д.Б.,^{1*}  Карбозова Г.К.,²  Сманова Г.И.¹ 

^{1*} Южно-Казахстанский педагогический университет имени У.Жанибекова,
г.Шымкент, Казахстан

² Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, г.Шымкент, Казахстан

ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ: ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМ LMS ПРИ ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

Аннотация

Внедрение цифровых технологий в современную систему образования позволяет более эффективно организовать учебный процесс, особенно для обучающихся, изучающих английский язык в высших учебных заведениях, и для преподавателей данного предмета. В более чем 100 вузах Казахстана внедрена информационная система «Platonus», позволяющая автоматизировать кредитную систему и технологии дистанционного обучения. Он имеет централизованную базу данных, которая отображает все важные события и процессы университета. Однако, несмотря на преимущества, система имеет ряд препятствий, таких как отсутствие индивидуальной адаптации к потребностям преподавателей и обучающихся.

Данная исследовательская работа будет посвящена влиянию цифровой трансформации в сфере образования на преподавание английского языка, в том числе рассмотрению возможностей использования онлайн-платформ LMS (Learning Management System). Целью исследования является анализ эффективности платформ LMS в преподавании английского языка для обучающихся и преподавателей, их роли в образовательном процессе, а также интерактивности и доступности онлайн-учебных пособий. Методологически исследование проводилось путем анализа опыта использования онлайн-платформ LMS, таких как Moodle и OTC Programme, при изучении английского языка с использованием сравнительных и количественных методов. Для изучения проблемы было проведено анкетирование 185 респондентов, использующих и не использующих онлайн-платформы во время занятий. Результаты исследования могут служить доказательством того, что платформы LMS позволяют повысить мотивацию обучающихся в преподавании английского языка, сделать учебные материалы более доступными и адаптировать учебный процесс в соответствии с индивидуальными потребностями. По полученным результатам также выявлены факторы, препятствующие эффективности онлайн-платформ, которые представляют собой технические трудности и недостаточный уровень цифровой компетентности обучающихся.

Ключевые слова: цифровая трансформация, онлайн-платформы LMS, цифровые технологии в образовании, онлайн-обучение, адаптивное обучение, цифровая грамотность.

Kalibayeva D.,^{1*}  Karbozova G.,²  Smanova G.¹ 

¹ U.Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

² M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

DIGITAL TRANSFORMATION IN EDUCATION: THE USE OF LMS ONLINE PLATFORMS IN TEACHING ENGLISH IN HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS

Abstract

The implementation of digital technologies in the modern education system makes it possible to organize the learning process more efficiently, especially for students learning English in higher education institutions and for instructors teaching this subject. More than 100 universities in Kazakhstan have implemented the information system “Platonus”, which allows to automate the credit system and distance learning technologies. It has a centralized database that displays all important events and processes of the university. However, despite the advantages, the system has a number of obstacles, such as the lack of individual adaptation to the needs of teachers and students.

This research paper will focus on the impact of digital transformation in education on English language teaching, including an exploration of the use of online LMS (Learning Management System) platforms. The purpose of the study is to analyze the effectiveness of LMS platforms in English language teaching for learners and teachers, their role in the educational process, and the interactivity and accessibility of online tutorials. Methodologically, the study was done by analyzing the experience of using online LMS platforms such as Moodle and OTC Program in English language learning using comparative and quantitative methods. To study the problem, a questionnaire survey was conducted among 185 respondents who use and do not use online platforms during classes. The results of the study can serve as evidence that LMS platforms can increase learners' motivation in English language teaching, make learning materials more accessible and adapt the learning process according to individual needs. According to the results obtained, the factors that hinder the effectiveness of online platforms are also identified, which are technical difficulties and insufficient level of digital competence of learners.

Keywords: digital transformation, LMS online-platforms, digital technologies in education, online learning, adaptive learning, digital literacy.

Кіріспе. Соңғы он жылдықтарда цифрлық технологиялардың дамуы оқыту әдістері мен формаларына, соның ішінде тілдерді меңгеруге айтарлықтай әсер етті. 2017 жылы Қазақстан Республикасы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекітті, оның мақсаты ел экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды белсенді енгізу арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсарту болып табылады [1]. Бағдарлама Қазақстан экономикасының «Болашақтың цифрлық экономикасын» қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшуі үшін жағдайлар жасауға бағдарланған. 2018-2021 жылдар аралығында мемлекеттік бағдарламаны іске асыру ел экономикасы мен цифрлық инфрақұрылымның негізгі салаларын дамытуда елеулі нәтижелер көрсетті. Бағдарламаның маңызды жетістіктерінің бірі бүгінгі таңда Қазақстан халқының 99%-ы ғаламторға қол жеткізе алады, ал мемлекеттік қызметтердің 90%-дан астамы онлайн форматта ұсынылады. Сонымен қатар, инфрокоммуникациялық инфрақұрылым кеңейтіліп, 5G ұялы байланыс технологиясының келесі буынын кезең-кезеңімен жүзеге асыру басталды [2]. Ал бұл жетістіктер өмірдің әртүрлі салаларына, соның ішінде білім беру жүйесіне жаңа мүмкіндіктер ашатын жылдам цифрлық трансформацияны көрсетеді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы білім беру процесінің сапасын жақсартуға және инновациялық технологияларды интеграциялауға бағытталған өршіл мақсаттар қояды [3]. Атап айтқанда, тұжырымдама білім беру ортасында цифрлық технологияларды пайдаланудың маңыздылығын атап көрсетеді, бұл оқу процесінің тиімділігін арттыру және еңбек нарығының заманауи талаптарына сәйкес келетін мамандарды даярлау үшін жаңа көкжиектер ашады.

Қазіргі уақытта оқытуды басқару жүйесінің (LMS – learning management systems) концепциясы уақыт өте келе айтарлықтай өзгерді, және оның дамуына түрлі қатысушылар үлес қосты. Яғни LMS құрылымдалған платформа ретінде онлайн оқытуды жеңілдету қажеттілігімен пайда болды. Бұл эволюцияға технологиялар мен білім беру әдіснамаларындағы жетістіктер әсер етті.

LMS концепциясы 1990 жылдардың соңында танымалдылыққа ие бола бастады, бұл кезең ғаламтордың және электронды оқытудың дамуына сәйкес келді. Үндістан елінің ғалымы Наян Вишвас Такре өз зерттеуінде алғашқы шыққан жүйелер негізінен контентті жеткізуге бағытталған болса, қазіргі LMS платформалары кеңейіп, енді прогрессті бақылау және интерактивті контент секілді мүмкіндіктерді қамтиды деп айтқан. Сонымен қатар, мәтін, бейнемазмұн және тестілер сияқты әртүрлі контент форматтарын қолдай отырып, білім алушылардың белсенділігін арттырып, әртүрлі оқыту стильдеріне бейімделуге мүмкіндік беретінін талдайды [4].

LMS онлайн платформаларының ағылшын тілін оқытудағы рөлін тереңірек түсінудің қажеттілігінде және олардың тиімді қолдану модельдерін анықтауда, нәтижелерді жақсарту үшін. Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерінің LMS онлайн платформаларын енгізуге қатысты ұсыныстар жасауға және шетел тілдерін оқытудағы педагогикалық стратегияларды оңтайландыруға пайдалы болуында. Зерттеу нысаны онлайн-платформалар мен оқу басқару жүйелері болып табылады, ал зерттеу пәні – олардың ағылшын тілін оқытудағы қолданылуы. Зерттеудің мақсаты – білім беру саласындағы цифрлық трансформация жағдайында ағылшын тілін тиімді оқыту үшін LMS онлайн платформаларын қолдану мүмкіндіктерін талдау. Қойылған мақсатқа жету үшін платформаның теориялық аспектілерін зерттеу, қазіргі платформаларды талдау және оларды ағылшын тілін оқыту процесінде қолдануды зерттеу сияқты міндеттер қойылды. Зерттеудің әдіснамалық негізі білім беруді цифрлық трансформациялауға қатысты теориялық тәсілдер мен эмпирикалық талдау әдістері болды. LMS онлайн платформаларын қолдану ағылшын тілін оқытудың сапасын жақсартуға, білім алушылардың

мотивациясын арттыруға және олардың тілдік дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді деген тұжырымға негізделген.

Білім беру саласындағы цифрлық трансформация және онлайн-платформаларды шетел тілдерін, оның ішінде ағылшын тілін оқытуда пайдалану көптеген зерттеулердің тақырыбына айналды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) дамуы оқу үдерісіне деген көзқарастарды айтарлықтай өзгертіп, зерттеушілерді әртүрлі білім беру технологияларының, оның ішінде оқуды басқару жүйелерінің (LMS-Learning Management System) тиімділігін зерттеу қызығушылығын арттырды. Бұл жүйелер білім беру процесін оңтайландыру үшін жасалған, білім алушылар мен оқытушыларға оқу әдістерінің икемді әрі бейімделген түрлеріне қолжетімділік ұсынады. Қолда бар жұмыстарды талдай келе, көптеген зерттеулер LMS жүйелерін білімге қолжетімділікті арттыру және оқу процесінің сапасын жақсарту құралы ретінде қарастыратынын атап өткен жөн. Мысалы, Сауд Арабияның ғалымдары Магда Мадкур және Хаджер Аскардың зерттеулері көрсеткендей, 71,7% білім алушылар LMS онлайн платформаларын қолдану арқылы тілдік дағдыларының жақсарғанын көрсетеді. Сонымен қатар, қолданушылардың 52%-ы технологияларға бейімделуде қиындықтар болғанын айтып, бұл үнемі оқыту қажеттілігін көрсететінін мәлімдейді [5].

Сондай-ақ, А.Суриаман және т.б.[6] зерттеушілердің пікірінше LMS онлайн платформалары білім алушыларды өздігінен оқуға ынталандырады және бұл жүйелер тапсырмалар мен викториналарды тиімді орындауға шабыт береді. Ал желінің тұрақсыздығы мен шектеулі мүмкіндіктер оқуға кедергі келтіруі мүмкін деп айтылады.

Қазіргі LMS платформалары, мысалы, Moodle, курстарды басқару, білім алушыларды тіркеу және оқу үлгерімін бағалау құралдарын ұсынады [7]. Сонымен қатар, Moodle платформасы интерактивті модульдерді ұсына отырып, ағылшын тілінің болашақ мұғалімдеріне педагогикалық дағдыларды дамытуға және әдіснамалық құзіреттілігін арттыруға көмектеседі [8].

Ал отандық ғалымдардың, яғни Ниязова Г.Ж. және т.б. [9] ғалымдардың зерттеулері бойынша аралас оқуыда LMS Moodle платформасын пайдалану, білім алушылардың оқу пәнін меңгерудегі негізгі ерекшеліктері атап көрсетілген. Олар:

- оқу пәнін меңгеруде өнімді тәуелсіз жұмыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді, кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға ықпал етеді;

- оқытуды жаңа сапаға көтереді, ақпаратқа кезкелген уақытта тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

- оқу мәтіндерін, графикалық материалдарды жеткізу және бейнеконференциялар жүргізу бойынша ақпараттық-коммуникациялық қызметтердің жаңа мүмкіндіктеріне негізделген икемді оқыту қалыптастыруға ықпал етеді;

- оқытуды автоматтандыру және компьютерлендіру оқыту әдістерін өзгертеді;

- тиімді кері байланыс қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бейімделген жүйелерді қолданудың материалды тереңірек меңгеруге, білім алушылардың мотивациясын арттыруға және олардың тілдік дағдыларын жақсартуға көмектесетінін көрсетті. Маңыздысы, бейімделген LMS білім алушыларға өздерінің ағымдағы білім деңгейіне сәйкес материалдарымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бұл оқудағы прогресті тиімдірек етеді. Мысалы бейімделген Moodle LMS платформалары білім алушылардың қатысуын айтарлықтай арттыратындығын дәлелдеген: бір зерттеуде респонденттердің 95%-ы бұл жүйенің оларды оқуға ынталандырғанын мәлімдеген [10].

ОТС (Future English Online Teacher Community) Programme – бұл ағылшын тілі оқытушылары үшін кәсіби даму бағдарламасы, Британ Кеңесінің платформасы арқылы жүзеге асырылады [11]. Бағдарламаның мақсаты оқытушылардың кәсіби дағдыларын және сабақ беру тиімділігін арттырып, оқушылардың оқу нәтижелерін жақсарту. Бағдарламаға қатысушылар үшін 3 өзіндік оқылатын модульді, форумдық талқылауларды, онлайн кездесулер мен жетекші сарапшылармен тұрақты вебинарларды өткізуді, модуль тақырыптарын тереңірек зерттеп, тәжірибеге енгізуді көздейді. Олар өздерінің электронды портфолиясын және рефлексия журналына

жауапкершілікпен қарайды. Бағдарлама өз ерекшеліктеріне қарамастан, білім беру жүйелерінің әртүрлілігі және тілдік кедергілер секілді қиындықтарды туғызуы мүмкін. Яғни әртүрлі аймақтар мен мәдениеттердегі оқытушыларға арналғандықтан, білім беру жүйелері мен әдістемелердегі айырмашылықтар кейбір модульдерді нақты елдер мен білім беру мекемелерінің контекстінде қолдануға қиындық туғызуы. Алайда, бағдарлама ағылшын тілі оқытушыларына арналған болса да, қатысушылар тілдің күрделі концепциялары мен модульдерін түсіну үшін олардың тіл меңгеру деңгейі жеткіліксіз болса, тілдік кедергілерге тап болуы мүмкін.

Осылайша, басым зерттеулердің талдауы LMS онлайн платформалары ағылшын тілін оқыту үдерісін айтарлықтай жақсартуға, икемділік пен жеке тұлғаға бейімделуді қамтамасыз ететін жаңа м.мкіндіктер ұсынуға қабілетті екенін растайды. Сонымен қатар, цифрлық сауаттылықты арттыру және интернет-ресурстарға тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты қиындықтар сақталуда. Бұл аспектілер LMS онлайн платформасын ағылшын тілін оқытуда оңтайландыру бойынша ұсыныстар әзірлеуді қажет етеді.

Осыған сәйкес, зерттеу жұмысының теориялық негізін нақтылау үшін төменде көрсетілген негізгі ережелер айқындалды. Бұл ережелер LMS онлайн платформаларын ағылшын тілін оқытуда тиімді қолданудың концептуалдық шеңберін қалыптастырады және зерттеудің әдіснамалық бағыттарын жүйелеуге мүмкіндік береді.

Негізгі ережелер:

- Цифрлық трансформацияның әдіснамалық негіздері. Білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация оқу процесін цифрландыру, инновациялық технологияларды енгізу және оқыту сапасын арттыруға бағытталған педагогикалық, техникалық және ұйымдастырушылық өзгерістер жиынтығы екенін нақтылау.

- LMS онлайн платформаларын пайдалану принциптері. LMS (Learning Management System) платформаларын қолдану оқыту материалына қолжетімділік, оқу әрекеттерін басқару, оқу үдерісін жекелендіру және білім алушылардың нәтижелерін автоматтандырылған бақылау қағидаларына сүйенуі тиіс екенін көрсету.

- Ағылшын тілін оқытудағы цифрлық құралдардың педагогикалық тиімділігі. Ағылшын тілі сабақтарында цифрлық ресурстарды қолдану білім алушының коммуникативтік күзінеттілігін дамытуға, интерактивті орта құруға және мотивацияны арттыруға бағытталуы керектігін түсіндіру.

- Оқытудағы аралық және қашықтықтан форматтардың ерекшеліктері. LMS онлайн платформалары blended learning, flipped classroom, distance learning сияқты заманауи форматтардың негізін құрайтынын және олардың оқу процесін ұйымдастыруда басты рөл атқаратынын анық сипаттау.

- Қауіпсіздік және деректерді қорғау талаптары. LMS жүйелерін қолдану кезінде дербес деректердің қауіпсіздігі, академиялық адалдық, оқу материалының авторлық құқықтарын сақтау секілді нормативтік-этикалық талаптарды атап өту.

Материалдар мен әдістер: Зерттеу барысында ағылшын тілін оқытуда LMS онлайн платформаларын қолдануды талдау мақсатында бірнеше әдіс қолданылады. Негізгі зерттеу әдісі ретінде салыстырмалы талдау таңдалып, цифрлық білім беру трансформациясы мен шетел тілдерін оқытуда онлайн-платформаларды қолдану бойынша ғылыми зерттеудің теориялық әдістері жүргізілді. Бұл әдіс эмпирикалық зерттеуді жүргізуге негіз қалап, білім беру процесіндегі цифрлық технологияларды қолдану бойынша негізгі үрдістерді анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу материалдарының бір бөлігі ретінде LMS Moodle платформасының функционалдық мүмкіндіктері талданды. Сурет 1-де платформаның қолжетімділік пен интерактивтілік, бағалау және мониторинг жүргізу, сондай-ақ контентті әртараптандыру мен қауіпсіздік сияқты негізгі артықшылықтары берілген. Бұл мүмкіндіктер зерттеуде аралас оқыту ортасын сипаттау, оқу тапсырмаларын ұйымдастыру және білім алушылардың дағдыларын бағалау тұрғысынан көрсетілді.



Сурет 1 – LMS Moodle платформасының мүмкіндіктері

Сонымен қатар, ағылшын тілін үйренуші білім алушылар арасында Google Forms платформасы арқылы сауалнама жүргізіліп, деректер жинау іске асырылды. Берілген сауалнаманың сұрақтары ашық және жабық түрінде құрылып, сандық және сапалық мәліметтер алуға мүмкіндік берді. Сауалнама ағылшын тілін оқуда онлайн-платформаларды қолданатын және қолданбайтын білім алушылардың арасындағы айырмашылықтары, қолдану тиімділігі мен кедергілері туралы бағалауы және дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда цифрлық әдістерге қатысты білім алушылардың таңдауы сияқты бірнеше негізгі аспектілерді қамтыды. Әрбір сұрақ бойынша негізгі нәтижелерді көрсететін график құрылды, яғни деректерді талдаудың график түріндегі бейнелеу әдісі ақпаратты жүйелеуге және алынған нәтижелерді жеңіл интерпретациялауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау. Сауалнамаға Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің білім алушылары мен оқытушылары және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің білім алушылары мен оқытушылар қатысқан болатын. Жалпы сауалнамаға қатысқан білім алушы саны – 130, ал оқытушы саны - 55. Сауалнама анонимді түрде ұйымдастырылды және қатысушылар алдын ала тұжырымдалған 19 сұраққа жауап берді. Зерттеудің негізгі мақсаты - алдын ала белгіленген фокус топтағы арнайы «ОТС programme» платформасын пайдаланатын 15 білім алушылар мен дәстүрлі әдіспен оқытылатын білім алушылар арасындағы айырмашылықтарды салыстыру болды (1-кесте):

- Ең алдымен, фокус топтағы білім алушылардан алынған сауалнаманың жауаптарына талдау жасайтын болсақ, бірінші сұрақ бойынша білім алушылар ағылшын тілін үйренудегі өз жетістіктерін оң бағалады, яғни ең көп пайызды (40%) «жақсы» деп бағалағандар құрайды, ал 33,3% - «өте жақсы» деп бағалағандар. 20% студент өз нәтижелерін «орташа» деп санайды. 6,7% білім алушылар өз жетістіктерін «өте нашар» деп бағаласа, ал «нашар» деп бағалаған білім алушылар жоқ.

- Екінші сұрақтың жауаптарының талдау барысында, білім алушылардың 60% - яғни көпшілігі онлайн-платформалардың ағылшын тілін меңгеруге айтарлықтай әсер ететінін айтады. Бұл платформалардың тіл үйренуге жоғары тиімділігін және білім алушылар арасында танымалдылығын көрсетеді. Мұның себебі онлайн ресурстардың қолжетімділігі, материалдың әртүрлілігі мен пайдалану ыңғайлылығымен байланысты болуы мүмкін. Ал ешбір респондент онлайн платформаларды ағылшын тілін үйренуде пайдасыз деп санамайды және тиімділігіне күмәнданатын білім алушылардың болмауы олардың жалпы тиімділігі мен маңыздылығын растайды. Тек 26,7%-ы тіл үйренуге ықпал етеді деп санаса, 13,3%-ы онлайн-платформалардың әсерін орташа деп бағалады. Бұл жағдайда платформалармен жұмыс істеу тәжірибесінің жеткіліксіздігіне байланысты болуы мүмкін.

- Келесі талдау бойынша, төртінші сұрақтың жауаптарынан 80% білім алушылар онлайн-платформаларды оқуда қолдануды жалғастыруды қалайды. Яғни онлайн оқытудың көпшілік білім алушылар арасында жоғары қызығушылыққа ие екенін және оның тиімділігіне деген мойындауды көрсетеді. 13,3%-ы тек қажет болған жағдайда қолдануды қалайды. Бұған себеп, білім алушылар онлайн ресурстарды қосымша оқыту құралы ретінде қарастыратынын, бірақ

негізгі әдіс ретінде дегенді білдіруі мүмкін. Ал 6,67%-ы деп отырғанымыз, 15 студенттің ішінен 1 білім алушы аталған платформаны болашақта қолдануға қызықпайтындығы көрсетілді. Яғни бұл оның дәстүрлі оқыту әдістерін таңдауға немесе аталған платформаға деген қызығушылығының жеткіліксіз болуына әбден мүмкін.


1 – Кесте. «ОТС Programme» онлайн-платформасын қолданатын 15 студенттің статистикалық есебі

№	Сұрақтар:	Жалпы респондент саны -15	Пайыздық көрсеткіш
1	Ағылшын тілін үйренудегі үлгеріміңізді қалай бағалайсыз?	1 - өте нашар: 1 2 - нашар: 0 3 - орташа: 3 4 - жақсы: 6 5 - өте жақсы: 5	1 - 6,7% 3 - 20% 4 - 40% 5 - 33,3%
2	Онлайн платформаларды қолдану Сіздің ағылшын тілін меңгеру деңгейіңізге қаншалықты ықпал етеді?	1 - мүлде ықпал етпейді: 0 2 - аз ықпал етеді: 0 3 - орташа ықпал етеді: 2 4 - ықпал етеді: 4 5 - көп ықпал етеді: 9	3 - 13,3% 4 - 26,7% 5 - 60%
3	Жалпы алғанда, онлайн-платформалар арқылы ағылшын тілін үйренудің тиімділігін қалай бағалайсыз?	1 – мүлдем тиімді емес: 1 2 - тиімді емес: 0 3 - орташа тиімді: 0 4 - тиімді: 4 5 – өте тиімді: 10	1 - 6,7% 4 - 26,7% 5 – 66,7%
4	Сіз онлайн-платформаларды оқуда қолдануды жалғастыруды қалайсыз ба?	1 – ия: 12 2 – қажет болғанда: 2 3 - жоқ: 1	1 - 80% 2 - 13,3% 3 - 6,7%

Ал келесі кезекте, ағылшын тілін үйренуде дәстүрлі әдіспен оқытылатын білім алушылардың сауалнамада берілген жауаптары талданылды. Сауалнаманың алтыншы сұрағы: Ағылшын тілін үйрену үшін сабақта қандай онлайн платформаларды қолданасыз? (1-сурет) Жауаптардың талдауы нәтижесінде маңызды бір үрдіс байқалады: анкетаға Moodle, ОТС Programme және Canva секілді LMS онлайн-платформалары енгізілген болса да, көптеген білім алушылар өз жауаптарында Duolingo, Youtube, TikTok, ChatGPT және басқа да онлайн қосымша құралдарды атаған, бұл келесіні көрсетеді:

- Платформалар арасындағы айырмашылықтың болмауы, яғни білім алушылар LMS онлайн-платформалары мен тіл үйренуге арналған қосымшалардың (Duolingo, Youtube, TikTok, ChatGPT және т.б.) айырмашылықтарын білмеуінде, яғни респонденттердің белгілеген қосымшалары оқыту процесінде басқару жүйелерін ұсынбайтынын толыққанды түсінбеуінде. Сонымен қатар, бұл қосымшалар тіл үйренудегі көмекші құрал болып табылады.


- Барлық платформаларды бір сабақта қолдану мүмкіндігі жоқ, себебі кейбір респонденттер бірнеше LMS онлайн-платформаларын (Moodle, ОТС Programme және Canva) бір уақытта қолданатынын атап өткен. Ал бұл жүйелер бір-бірімен бір сабақта интеграцияланбайды.



1-сурет. Ағылшын тілін үйрену үшін сабақта қандай онлайн платформаларды қолданасыз?

Сауалнаманың он үшінші сұрағын талдайтын болсақ, негізгі мақсаты онлайн платформалар арқылы ағылшын тілін үйрену кезінде қандай қиындықтарға тап болғанын анықтау (2-сурет). Респонденттің 52,3%-ы интернет пен техникалық мәселелер, бұл ең үлкен қиындық болып табылады. Яғни интернет жылдамдығының төмендігі, платформалардың дұрыс жүктелмеуі немесе техникалық ақаулар болуы мүмкін. Білім алушылардың 28,9%-ы уақыттың жетіспеушілігі деп бағалайды, бұл белгілі бір уақыт бөлу үшін қажетті ресурстар мен күн тәртібін реттеу мүмкіндігін әрқашан бола бермеуінде.

Ал 13,3%-ы платформаның қиын интерфейсі деп санаса, 16,4%-ы платформаны дұрыс пайдалану қиындықтары деп бағалады. Яғни платформаны тиімді пайдалану тәсілдерін түсінбеуінен туындауы мүмкін.



2-сурет. Онлайн платформалар арқылы ағылшын тілін үйрену кезінде қандай қиындықтарға тап болдыңыз?


Сауалнаманың он алтыншы сұрағы - онлайн платформаларды қолдану білім алушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейіне қаншалықты ықпал ететінін анықтау болып табылады (3-сурет). Жауаптарды талдау кезінде 1,6%-ы мүлде ықпал етпейтінін және 3,9%-ы әлсіз ықпал ететінін көрсетеді. Ал 24,2%-ы көп ықпал етеді деп санаса, 34,4%-ы ықпалы бар деп есептейді. Аталған сұрақта білім алушылардың көпшілігі, яғни 35,9%-ы ықпалы орташа деп бағалайды. Бұл елеулі бөлік, себебі білім алушылар онлайн-платформаларды пайдалы, алайда негізгі құрал деп санамайтындығын көрсетеді.



3-сурет. Онлайн платформаларды қолдану Сіздің ағылшын тілін меңгеру деңгейіңізге қаншалықты ықпал етеді? (1-мүлде ықпал етпейді, 2-аз ықпал етеді, 3-орташа ықпал етеді, 4-ықпал етеді, 5-көп ықпал етеді)

Он тоғызыншы сұрақ: Сіз онлайн платформаларды оқуда қолдануды жалғастыруды қалайсыз ба? (4-сурет) Алынған жауаптардың талдауы бойынша 43,4% білім алушылар онлайн-платформаларды тек қажет болғанда қолдануды қаласа, 3,1%-ы білім алушылардың шағын тобын құраса да, қолданудың қажеттілігі жоқ деп санайды. Ал респонденттің көпшілігі, яғни 53,5%-ы қызығушылық танытып, ағылшын тілін үйренуде онлайн-платформаларды қолдануды жалғастырғысы келетінін көрсетеді.

129 ответов



4-сурет. Сіз онлайн платформаларды оқуда қолдануды жалғастыруды қалайсыз ба?

Аталған зерттеу нәтижелері бойынша, фокус топтағы білім алушылардың көпшілігі ағылшын тілін оқуда онлайн-платформа «көп ықпал етеді» деп жауап берсе, ал қолданбайтын білім алушылардың жауабы бойынша «орташа ықпал етеді» деп бағалады. Осыған байланысты онлайн-платформаларды қолдану ағылшын тілін оқытудың тиімділігін арттыру үшін маңыздылығын және білім алушылардың жаңа технологияларға деген көзқарасын өзгерту, оларды дұрыс пайдалану дағдыларын қалыптастыру қажет.

Сонымен қатар, он тоғызыншы сұрақ бойынша онлайн-платформаларды оқу процесінде қолдануды жалғастыру туралы сұраққа берілген жауаптардан екі түрлі тенденцияны байқауға болады. «ОТС Programme» платформасын сабақ барысында пайдаланатын респонденттердің 80%-ы болашақта бұл платформаны қолдануды жалғастыруға дайын екендіктерін білдірсе, ал LMS платформасын пайдаланбайтын білім алушылардың тек 53,5%-ы осы бағытта оң жауап берді. Бұл көрсеткіштер, бір жағынан, онлайн білім беру құралдарының тиімділігі мен ыңғайлылығына байланысты болуы мүмкін. «ОТС Programme» платформасын пайдаланатын білім алушылар бұл құралды өз оқу процесінде пайдалы деп есептеп, оның тиімділігін растағанын көрсетеді. Олар үшін бұл платформаның мүмкіндіктері сабақтарды жеңіл әрі ыңғайлы меңгеруге көмектесетін маңызды фактор болып табылады. Ал LMS онлайн платформасын пайдаланбайтын білім алушылардың аз пайызы бұл құралды жалғастыруға ниетті екендігі, олардың осы жүйелермен жұмыс істеу тәжірибесінің жеткіліксіздігі немесе платформаның қолдану қиындықтарына қатысты пікірі болуы мүмкін. Демек, осы зерттеу нәтижелері көрсеткендей, онлайн-платформаларды оқу процесіне енгізу және олардың тиімділігін арттыру үшін білім алушылардың қажетті білімдері мен дағдыларын дамыту маңызды. Сондай-ақ, онлайн оқытудың құндылығын және мүмкіндіктерін түсіндіру арқылы білім алушыларды осы платформаларды тиімді пайдалануға ынталандыру қажет.

Қорытынды. Ағылшын тілін оқытуда LMS онлайн-платформаларын пайдалану зерттеуі білім берудің цифрлық трансформациясының оқу процесінің сапасын арттырудағы маңыздылығын растайды. Алынған нәтижелер бұл платформаларды интеграциялау және оқу ұйымдастыру құрылымын жақсартуға, білім алушылардың қатысуын арттыруға, оқытушыларға материалды меңгеру процесін тиімді бақылауға мүмкіндік беретінін көрсетті. Атап айтқанда, LMS онлайн платформаларын пайдалану білім алушылардың ыңғайлы қарқынмен оқуға мүмкіндік беретін икемді, жеке бейімделген білім беру ортасын құруға мүмкіндік беретіні анықталды. Осылайша, білім беру процесінде оқытуды басқару жүйесі Moodle (LMS) рейтингі оның қолайлығы, тиімділігі және әртүрлі білім беру контекстінде бейімделгіштігін көрсетеді. Зерттеулерде жалпы Moodle оң бағаланады, әсіресе ол пайдаланушылардың нақты қажеттіліктеріне бейімделген жағдайда, бұл оқыту мен білім алуды жақсартады.

Сонымен қатар, LMS Moodle жүйесі ағылшын тілін оқытуда дәстүрлі оқыту әдістерін сақтай отырып, яғни дәрістер, зертханалық және практикалық сабақтар, семинарлар сияқты форматтарды жетілдіруге, оқу материалдарына қолжетімділікті жақсартуға, оқу процесінің тереңірек меңгерілуіне ықпал етеді. Атап айтсақ:

- оқытушы мен білім алушылардың өзара тығыз әрекеттесуі және кері байланыс түрлерінің кеңеюі;

- сыни-ойлау қабілетін арттыру мақсатында әр студент рефлексия жасау мүмкіндігі;
- тіл дағдыларын оқу уақытынан тыс дамуы;
- интерактивті тапсырмалар, тесттер, форумдар мен чаттардың жасалынуы;
- оқытушылар мен білім алушылар өз оқу уақытын ыңғайлы түрде басқара алуы;
- білім алушылардың үлгерімін бақылау және талдау құралдарын ұсынуы.

Ал, фокус топтағы 15 білім алушының сауалнамасы бойынша жүргізілген талдау нәтижелері, “ОТС Programme” платформасының білім деңгейіне едәуір әсер ететінін көрсетеді, бұл орайда білім алушылардың басым бөлігі оларды тіл үйренудегі жетістіктерге қол жеткізу үшін пайдалы және тиімді құрал екендігі байқалады. Платформа білім алушылардың оқуға деген мотивациясын арттыруда, сонымен қатар, олардың тіл үйрену барысындағы нәтижелерін жақсартуда маңызды рөл атқарады. Алайда онлайн-платформаларды қолданудың оң бағасына қарамастан, кейбір қиындықтарда бар. Білім беру жүйелерінің әртүрлілігі мен тілдік кедергілер секілді мәселелер қиындықтарды туғызуы мүмкін. Және техникалық мәселелер, мысалы, интернет жылдамдығының төмендігі мен техникалық ақаулар, бұл платформаларды тиімді қолдануға кедергі келтіретін басты кедергілері болып табылады. Сондай-ақ, платформалардың интерфейстерін жетілдіру қажеттілігі маңызды, себебі оларды қолданушылар үшін интуитивті түсінікті ету қажет және оқу процесінде жеке қарым-қатынастың болмауы да елеулі мәселе болып табылады.

Бұл саладағы әрі қарайғы зерттеулер үшін онлайн-платформаларда ұсынылатын әртүрлі мазмұн түрлерінің білім алушылар үшін материалды қабылдауға әсерін зерттеу маңызды. Сондай-ақ, цифрлық технологияларды оқытуда қолданудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін зерттеу, бұл платформалардың білім алушылардың мотивациясы мен оқу үлгеріміне әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Ағылшын тілін онлайн платформалар арқылы оқыту процесінде білім алушылардың тәжірибесіне негізделген бірнеше тиімді әдістер мен ұсыныстарды ұсынуға болады:

1) Техникалық инфрақұрылымды жақсарту: интернет пен техникалық мәселелер (52,3%) онлайн-платформалардың тиімді пайдаланудың негізгі кедергісі болғандықтан, жоғары оқу орындары бұл мәселеге аса назар аударып жақсарту шараларын қолға алуы қажет.

2) Онлайн платформалардың қолданылуын кеңейту және ынталандыру: сауалнама барсында алынған жауаптар бойынша, білім алушылар арасында онлайн-платформалар туралы дұрыс түсініктің қалыптаспауын байқағандықтан, оқытушылар мен білім алушыларды ынталандыру мақсатында тиімділігі мен пайдасы туралы ақпарат бере отырып, түрлі семинарлар мен таныстыру курстарын көрсету, онлайн-платформалардың қаншалықты пайдалы болатынын түсіндіру. Ал интерактивті және қызықты контент, бейнемазмұн, геймификация тәсілі, яғни ойын түріндегі тапсырмалар мен викториналар ынталандырушы фактор болып табылады.

3) Уақытты басқару мен өзіндік оқу дағдыларын дамыту: білім алушыларға уақытты тиімді жоспарлау және тапсырмаларды орындау үшін қажетті дағдыларды дамыту бойынша тренингтер мен курстар өткізу. Бұл үдерістің маңызды аспектілері өзін-өзі жауапкершілікпен тәртіпке келтіру, дербес оқу мен өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыру.

4) Қосымша қолдау және цифрлық сауаттылығын арттыру: оқытушылар мен білім алушыларды цифрлық технологиялар саласында үздіксіз біліктілікті арттыруға жағдай жасау, яғни олардың шетелдік оқу орындарымен тәжірибе алмасу арқылы онлайн оқыту әдістері менгеруіне мүмкіндік беру, оқыту сапасын қамтамасыз ету болып табылады. Ал оқытушылар мен білім алушыларға медиасауаттылығын арттыру курстары ұйымдастырылуы қажет, себебі бұл оларға цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану дағдыларын дамытуға көмектеседі.

5) Аралас оқыту тәсілін қолдану: онлайн-платформалардың көмегімен методологиялық негізделген әдістерді білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес жетілдіру жолдарын ұсыну.

6) Инклюзивті білім беру жүйесінің дамуындағы жаңа әлеуметтік құбылыс: яғни инклюзивті білім беру жүйесінің дамуында онлайн платформалардың маңызды рөлі бар. Ағылшын тілін оқыту барысында онлайн платформалар әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін барынша тиімді және қолайлы етуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс білім алушылардың әр түрлі қажеттіліктеріне жауап беруге және оларды жеке қарқынмен дамытуға жағдай жасайды. Онлайн ресурстардың көптүрлілігі мен қолжетімділігі инклюзивті білім берудің негізгі қағидаларына сәйкес келіп, білім алушылардың оқу үрдісінде тең мүмкіндікке ие болуын қамтамасыз етеді. Осыған орай онлайн платформалар көмегімен әр білім алушының деңгейіне және қажеттіліктеріне сәйкес жеке оқыту траекториясын құру (қосымша тапсырмалар немесе жеңілдетілген оқу ресурстары) ұсынылады.

Бұл факторларды елемей цифрлық білім беру ресурстарының толық мүмкіндіктерін пайдалану жолында елеулі кедергілерді тудыруы мүмкін.

Қорытындылай келе, жалпы жұмыс нәтижелерінің практикалық маңызы – ағылшын тілін үйренуде онлайн платформаларын қолдану кезінде туындайтын негізгі мәселелер мен кедергілерді анықтау болып табылады. Осылайша, білім берудегі цифрлық трансформация және ағылшын тілін оқыту үшін LMS платформаларын пайдалану саласындағы зерттеулер білім беру технологияларының одан әрі дамуы үшін кең мүмкіндіктер ашады. Жалпы алғанда, онлайн-платформаларды дәстүрлі оқыту формаларымен бірге пайдалану ағылшын тілін оқытуда жоғары деңгейде қолдайтын, икемді, қожетімді әрі тиімді оқу ортасын қалыптастыруға көмектесетін құбылыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
2. Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникация мен технологиялар саласы және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы) // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269>
3. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы [электрондық ресурс] // Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>
4. Thakre N.V. Learning System Application // *Gurukul International Multidisciplinary Research Journal (GIMRJ), Special Issue on Advancements and Innovations in Computer Application: Pioneering Research for the Future. - 2024. - Issue I (VIII). - Vol. XII. - P. 120. - https://doi.org/10.69758/GIMRJ2406I8V12P120*
5. Madkour M., Alaskar H. Impacts of LMS Socio-Linguistic and Psychometric Factors on Students' English and Translation Proficiency and Communicative Competence: A Paradigm Shift During COVID-19 Pandemic // *Journal of Language Teaching and Research. - 2024. - DOI: https://doi.org/10.17507/jltr.1505.14*
6. Suraiman A., Manurung K., Mukrim M., Apridayani A., Agussatriana A. Effective or Impractical? Discussing Students' Perceptions toward Learning Management Systems in English Language Learning // *International Journal of Language Education. - 2023. - Vol. 7, Issue 2. - DOI: https://doi.org/10.26858/ijole.v7i2.43495*
7. Chairunnisa' M., Aziz A.S. Implementasi Learning Management System (LMS) Berbasis Web Menggunakan Moodle // *Education Achievement: Journal of Science and Research. - 2024. - Vol. 5, No. 3. - P. [указать страницы, если известны]. - DOI: https://doi.org/10.51178/jsr.v5i3.2059*
8. Самоїленко Н.Б. Интеграция LMS Moodle в образовательный процесс, направленный на формирование навыков преподавания ESL в глобализованном мире: возможности и перспективы // *Вестник Южно-Уральского государственного университета. Серия «Образование. Педагогические науки». - 2023. - Т. 15, № 1. - С. 49-58. - DOI: <http://dx.doi.org/10.14529/ped230105>*
9. Ниязова Г.Ж., Дуйсенова Г.А., Иманбеков Б.А. Особенности использования LMS Moodle для дистанционного обучения // *Молодой ученый. - 2014. - № 3(62). - С. 991-994. - https://moluch.ru/archive/62/9365/*
10. Furqon M., Sinaga P., Liliyasi L., Riza L.S. The Impact of Learning Management System (LMS) Usage on Students // *TEM Journal. - 2023. - Vol. 12, No. 2. - P. 1082-1089. - DOI: https://doi.org/10.18421/TEM122-54*
11. British Council. Future English Online Teacher Community Programme. - 2024. - https://kazakhstan.britishcouncil.org/sites/default/files/online_teacher_community_programme_and_timelines_2023-24_updated.pdf

References:

1. «Sifrlyq Qazaqstan» memleketlik baǵdarlamasyn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy ǘkmetiniń 2017 jylǵy 12 jeltoqsandaǵy № 827 qaulysy // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
2. Qazaqstan Respublikasynyń 2023-2029 jylǵarǵa arnalǵan sifrlyq transformasia, aqparattyq-kommunikasia men tehnologialar salasy jáne kiberqauipsızdıktı damytu tújyrymdaması (Qazaqstan Respublikasy ǘkmetiniń 2023 jylǵy 28 nauryzdaǵy № 269 qaulysy) // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269>
3. «Qazaqstan Respublikasynda joǵary bilimdi jáne ǵylymdy damytudyń 2023-2029 jylǵarǵa arnalǵan tújyrymdamasyn» bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy ǘkmetiniń 2023 jylǵy 28 nauryzdaǵy № 248 qaulysy [elektronıdyq resurs] // Qol jetkizu rejimi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>
4. I. Thakre N.V. Learning System Application // Gurukul International Multidisciplinary Research Journal (GIMRJ), Special Issue on Advancements and Innovations in Computer Application: Pioneering Research for the Future. - 2024. - Issue I (VIII). - Vol. XII. - P. 120. - <https://doi.org/10.69758/GIMRJ240618V12P120>
5. Madkour M., Alaskar H. Impacts of LMS Socio-Linguistic and Psychometric Factors on Students' English and Translation Proficiency and Communicative Competence: A Paradigm Shift During COVID-19 Pandemic // Journal of Language Teaching and Research. - 2024. - DOI: <https://doi.org/10.17507/jltr.1505.14>
6. Suraiman A., Manurung K., Mukrim M., Apridayani A., Agussatriana A. Effective or Impractical? Discussing Students' Perceptions toward Learning Management Systems in English Language Learning // International Journal of Language Education. - 2023. - Vol. 7, Issue 2. - DOI: <https://doi.org/10.26858/ijole.v7i2.43495>
7. Chairunnisa' M., Aziz A.S. Implementasi Learning Management System (LMS) Berbasis Web Menggunakan Moodle // Education Achievement: Journal of Science and Research. - 2024. - Vol. 5, No. 3. - P. [ukazát stranısy, esli izvestny]. - DOI: <https://doi.org/10.51178/jsr.v5i3.2059>
8. Samoilenko N.B. Integrasiya LMS Moodle v obrazovatelnyy proces, napravlenyy na formirovaniye navykov prepodavaniya ESL v globalizirovannom mire: vozmojnosti i perspektivy // Vestnik Īujno-Ural'skogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya «Obrazovanie. Pedagogicheskie nauki». - 2023. - T. 15, № 1. - S. 49-58. - DOI: <http://dx.doi.org/10.14529/ped230105>
9. Niazova G.J., Duisenova G.A., Īmanbekov B.A. Osobenosti ispol'zovaniya LMS Moodle dlja distansionnogo obuchenija // Molodoi ucheniy. - 2014. - № 3(62). - S. 991-994. - <https://moluch.ru/archive/62/9365/>
10. Furqon M., Sinaga P., Liliyasi L., Riza L.S. The Impact of Learning Management System (LMS) Usage on Students // TEM Journal. - 2023. - Vol. 12, No. 2. - P. 1082-1089. - DOI: <https://doi.org/10.18421/TEM122-54>
11. British Council. Future English Online Teacher Community Programme. - 2024. - https://kazakhstan.britishcouncil.org/sites/default/files/online_teacher_community_programme_and_timelines_2023-24_updated.pdf

FTAXP 14.81.21

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.88.4.013>

Г.Нурханова,¹ М.Книсарина,^{2*} Г.Лекерова¹

¹М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университет, Шымкент қ., Қазақстан

²Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университет,
Ақтөбе қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПРОЦЕСІНДЕ ИНТЕГРАТИВТІ АРТ-ТЕРАПИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада психолог-студенттерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру процесінде интегративті арт-терапияны қолданудың әдіснамалық негіздері қарастырылады. Отандық және шетелдік зерттеулерге теориялық талдау жүргізу арқылы «креативті құзыреттілік» ұғымының мәні нақтыланып, оның құрылымы когнитивті, эмоциялық-құндылық және іс-әрекеттік компоненттер арқылы анықталды. Құм терапия, изотерапия, сазбен жұмыс және кинотерапия сияқты арт-терапиялық әдістердің болашақ психологтардың шығармашылық әлеуетін дамытудағы ролі дәлелденді. Интегративті арт-терапия негізінде креативті құзыреттілікті қалыптастырудың мақсаты, мазмұндық-процессуалды, ұйымдастырушылық-технологиялық және бағалау блоктардан тұратын моделі ұсынылды. «Интегративті арт-терапия» атты арнайы курс әзірленіп, студенттердің кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруға бағытталды. Зерттеу қорытындысы бойынша интегративті арт-терапия студенттердің креативтілігін, кәсіби икемділігін және өзіндік рефлексиясын дамытуға ықпал ететіні анықталды. Мақала әдіснамалық сипатқа ие болып, ұғымдық аппаратты нақтылауға, модельді жасауға және студент-психологтарды даярлауда интегративті арт-терапияны қолданудың психологиялық-педагогикалық шарттарын негіздеуге бағытталған. Мақалада ұсынылған модель пилоттық зерттеу барысында апробацияланды.